

Астана қаласында әлеуметтік көмек көрсету, оның мөлшерлерін белгілеу және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындау қағидасы туралы

Күшін жойған

Астана қаласы мәслихатының 2014 жылғы 27 маусымдағы № 250/36-V шешімі. Астана қаласының Әділет департаментінде 2014 жылғы 23 шілдеде № 822 болып тіркелді. Күші жойылды - Астана қаласы мәслихатының 2017 жылғы 12 желтоқсандағы № 221/25-VI шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Астана қаласы мәслихатының 12.12.2017 № 221/25-VI шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 4 желтоқсандағы Бюджет кодексі 55-бабы 1-тармағының 5) тармақшасына, "Ұлы Отан соғысының қатысушылары мен мүгедектеріне және соларға теңестірілген адамдарға берілетін жеңілдіктер мен оларды әлеуметтік қорғау туралы" Қазақстан Республикасының 1995 жылғы 28 сәуірдегі Заңының 20-бабына, "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңы 6-бабының 2-3-тармағына, "Қазақстан Республикасында мүгедектерді әлеуметтік қорғау туралы" Қазақстан Республикасының 2005 жылғы 13 сәуірдегі Заңының 6-бабына, "Әлеуметтік көмек көрсетудің, оның мөлшерлерін белгілеудің және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындаудың үлгілік қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 21 мамырдағы № 504 қаулысына сәйкес, Астана қаласының мәслихаты **ШЕШТІ:**

1. 1-қосымшаға сәйкес Астана қаласында әлеуметтік көмек көрсету, оның мөлшерлерін белгілеу және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындау қағидасы бекітілсін.

2. 2-қосымшаға сәйкес Астана қаласы мәслихатының кейбір шешімдерінің күші жойылды деп танылсын.

3. Осы шешім оны алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Астана қаласы мәслихаты

сессиясының төрағасы

Астана қаласы

мәслихатының хатшысы

С. Богатырев

С. Есілов

Астана қаласында әлеуметтік көмек көрсету, оның мөлшерлерін белгілеу және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындау қағидасы

Ескерту. Барлық мәтін бойынша "ЗТМО" деген аббревиатура "Мемлекеттік корпорация" деген сөздермен ауыстырылды - Астана қаласы мәслихатының 24.06.2016 № 34/7-VI (алғашқы ресми жарияланған күннен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) шешімімен.

Осы Астана қаласында әлеуметтік көмек көрсету, оның мөлшерлерін белгілеу және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындау қағидасы (бұдан әрі – Қағида) Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 4 желтоқсандағы Бюджет кодексінің 55-бабы 1-тармағының 5) тармақшасына, "Ұлы Отан соғысының қатысушылары мен мүгедектеріне және соларға теңестірілген адамдарға берілетін жеңілдіктер мен оларды әлеуметтік қорғау туралы" Қазақстан Республикасының 1995 жылғы 28 сәуірдегі Заңының 20-бабына, "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңы 6-бабының 2-3-тармағына, "Қазақстан Республикасында мүгедектерді әлеуметтік қорғау туралы" Қазақстан Республикасының 2005 жылғы 13 сәуірдегі Заңының 16-бабына, "Әлеуметтік көмек көрсетудің, оның мөлшерлерін белгілеудің және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындаудың үлгілік қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 21 мамырдағы № 504 қаулысына сәйкес әзірленді.

1-бөлім. Жалпы ережелер

1. Осы Қағидада мынадай ұғымдар қолданылады:

1) арнайы комиссия – өмірлік қиын жағдайдың туындауына байланысты әлеуметтік көмек көрсетуге үміткер адамдардың (отбасылардың) өтініштерін қарау бойынша Астана қаласы әкімінің шешімімен құрылатын комиссия;

2) ата-аналарының (ата-анасының) қамқорлығынсыз қалған бала (балалар) – ата-ана құқықтарының шектелуіне немесе олардан айрылуына, хабарсыз кеткен деп танылуына, қайтыс болған деп жариялануына, әрекетке қабілетсіз немесе әрекет қабілеті шектелген деп танылуына, бас бостандығынан айыру орындарында жазасын өтеуіне, бала тәрбиелеуден немесе оның құқықтары мен

мүдделерін қорғаудан жалтаруына, оның ішінде баланы тәрбиелеу немесе медициналық ұйымнан алудан бас тартуына байланысты, сондай-ақ ата-ана қамқоршылығы болмаған және Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген өз құқықтары мен мүдделерінің қажетті қорғалуын қамтамасыз етуге мұқтаж болған өзге де жағдайларда жалғыз ата-анасының немесе екеуінің де қамқорлығынан айрылған бала (балалар);

3) атаулы күндер – жалпы халықтық тарихи, рухани және мәдени маңызы бар және Қазақстан Республикасы тарихының барысына ықпал ететін оқиғалар;

4) Әкімші – "Жергілікті өкілетті органдардың шешімдері бойынша мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарына әлеуметтік төлемдер" бюджеттік бағдарламасына сәйкес әлеуметтік көмекті ұсынатын "Астана қаласының Жұмыспен қамту, еңбек және әлеуметтік қорғау басқармасы" мемлекеттік мекемесі;

5) әлеуметтік көмек – өмірдің қиын жағдайы болған жағдайда мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарына (бұдан әрі – алушылар) ақшалай және заттай нысанда, сондай-ақ осы Қағидада белгіленген тәртіпте мерекелік және атаулы күндерге ұсынылатын әлеуметтік көмек;

6) әлеуметтік мәні бар аурулармен ауыратын адамдар – туберкулез, адамның иммунитет тапшылығы вирусын қоздыратын ауру және адамның иммунитет тапшылығы вирусын тасымалдаушылар, қатерлі ісіктер сияқты аурулары бар адамдар;

7) балалар үйлерінің түлектері – қамқорлық және қорғау органдарының шешімі бойынша балалар үйлерінің, баспаналардың қамқорлықтарындағылар;

8) дүлей зілзала – табиғи немесе техногендік сипаттағы төтенше жағдайдың пайда болуына әкеліп соққан зілзала;

9) ең төмен күнкөріс деңгейі – Астана қаласының статистика органы есептеген мөлшері бойынша ең төмен тұтыну себетінің құнына тең, бір адамға қажетті ең төмен ақшалай кіріс;

10) жеңілдіктер мен кепілдіктер жағынан Ұлы Отан соғысының қатысушыларына теңестірілген адамдар – мәртебесі "Ұлы Отан соғысының қатысушылары мен мүгедектеріне және соларға теңестірілген адамдарға берілетін жеңілдіктер мен оларды әлеуметтік қорғау туралы" Қазақстан Республикасының 1995 жылғы 28 сәуірдегі Заңының 6-бабымен анықталған адамдар;

11) жеңілдіктер мен кепілдіктер жағынан Ұлы Отан соғысының мүгедектеріне теңестірілген адамдар – мәртебесі "Ұлы Отан соғысының қатысушылары мен мүгедектеріне және соларға теңестірілген адамдарға

берілетін жеңілдіктер мен оларды әлеуметтік қорғау туралы" Қазақстан Республикасының 1995 жылғы 28 сәуірдегі Заңының 8-бабымен анықталған адамдар;

12) жеңілдіктер мен кепілдіктер жөнінен соғысқа қатысушыларға теңестірілген адамдардың басқа да санаттары – мәртебесі "Ұлы Отан соғысының қатысушылары мен мүгедектеріне және соларға теңестірілген адамдарға берілетін жеңілдіктер мен оларды әлеуметтік қорғау туралы" Қазақстан Республикасының 1995 жылғы 28 сәуірдегі Заңы 9-бабының 1-3-тармақшаларымен анықталған адамдар;

13) жетім бала (балалар) – ата-анасының екеуі де немесе жалғыз анасы (әкесі) қайтыс болған бала (балалар);

14) Мемлекеттік корпорация – "Азаматтарға арналған үкімет" мемлекеттік корпорациясы" коммерциялық емес акционерлік қоғамы;

15) көп балалы аналар – "Алтын алқа" және "Күміс алқа" алқаларымен наградталған немесе бұрын "Батыр ана" атағын алған, сондай-ақ I және II дәрежелі "Ана даңқы" ордендерімен наградталған көп балалы аналар;

16) көп балалы отбасылар – бірге тұратын төрт және одан көп кәмелетке толмаған балалары, оның ішінде орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беретін ұйымдарда, жоғары оқу орындарында күндізгі оқу нысанында оқитын балалары бар отбасылар, балалары кәмелеттік жасқа толғаннан кейін олар оқу орнын бітіретін уақытқа дейін (бірақ әрі дегенде жиырма үш жасқа толғанға дейін), отбасы атынан анасы, әкесі болмаса балалардың қамқоршысының (қорғаншысы) хабарласуына құқығы бар;

17) мерекелік күндер – Қазақстан Республикасындағы ұлттық және мемлекеттік мерекелер күндері;

18) мүгедек бала (мүгедек балалар) - тіршілік-тынысының шектелуіне және оны әлеуметтік қорғау қажеттігіне әкеп соқтыратын аурулардан, жарақаттардан, олардың салдарынан, кемістіктерден организм функциялары тұрақты бұзылып, денсаулығы бұзылған он сегіз жасқа толмаған адам;

19) отбасының (азаматтың) орта есеппен жан басына шаққандағы табысы – Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 2009 жылғы 28 шілдедегі № 237-ө бұйрығымен бекітілген Мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек алуға үміткер адамның (отбасының) жиынтық табысын есептеу ережесіне (бұдан әрі – Жиынтық табысын есептеу ережесі) сәйкес белгіленген айына отбасының әр мүшесіне келетін отбасының жиынтық табысының үлесі;

20) өмірлік қиын жағдайы – азаматтың тыныс-тіршілігін объективті түрде бұзатын, ол өз бетінше еңсере алмайтын ахуал;

21) саяси қуғын-сүргін құрбандары, саяси қуғын-сүргіннен зардап шеккен адамдар – КСР Одағы мемлекеттік биліктің жоғары органдарының актілері

негізінде Қазақстанға және Қазақстаннан күштеу арқылы құқыққа қарсы қоныс аударуға ұшыраған адамдар, сондай-ақ ата-аналармен немесе олардың орнындағы адамдармен бірге бас бостандығынан айыру орындарында, айдауда, жер аударуда немесе арнайы қоныс аударуда болған саяси қуғын-сүргіндер құрбандарының балалары, сондай-ақ қуғын-сүргін кезінде он сегіз жасқа толмаған және оның қолданылуы нәтижесінде ата-анасының қамқорлығынсыз қалған саяси қуғын-сүргіндер құрбандарының балалары;

22) табысы аз азаматтар – Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес атаулы әлеуметтік көмек және (немесе) он сегіз жасқа дейінгі балаларға тағайындалатын және төленетін ай сайынғы мемлекеттік жәрдемақы алуға құқығы бар, еңбекке жарамды жастағы жеке тұлғалар;

23) тыл еңбеккерлері – 1941 жылғы 22 маусым 1945 жылғы 9 мамыр аралығында кемінде алты ай жұмыс істеген (әскери қызмет өткерген) және Ұлы Отан соғысы жылдарында тылдағы жанқиярлық еңбегі мен мінсіз әскери қызметі үшін бұрынғы КСР Одағының ордендерімен және медальдарымен марапатталмаған адамдар;

24) учаскелік комиссия – әлеуметтік көмек алуға өтініш білдірген адамдардың (отбасылардың) материалдық жағдайына тексеру жүргізу және қорытындылар дайындау үшін елорда аудан әкімдерінің шешімімен құрылатын комиссия;

25) Ұлы Отан соғысының қатысушылары мен мүгедектері – мәртебесі "Ұлы Отан соғысының қатысушылары мен мүгедектеріне және соларға теңестірілген адамдарға берілетін жеңілдіктер мен оларды әлеуметтік қорғау туралы" Қазақстан Республикасының 1995 жылғы 28 сәуірдегі Заңының 5, 7-баптарымен анықталған адамдар;

26) отбасыға көмектің жеке жоспары (бұдан әрі - жеке жоспар) - уәкілетті орган үміткермен бірлесіп жұмыспен қамтуға және (немесе) әлеуметтік бейімделуге ықпал ету жөнінде әзірлеген кешенді іс-шаралар;

27) отбасы белсенділігін арттырудың әлеуметтік келісім-шарты - шартты ақшалай көмекті белгілеу үшін отбасы атынан еңбекке қабілетті жеке тұлға және Әкімші арасындағы тараптардың құқықтары мен міндеттерін белгілейтін келісім;

28) шартты ақшалай көмек (бұдан әрі - ШАК) - мемлекет отбасы белсенділігін арттырудың әлеуметтік келісім-шарты талаптарымен жеке тұлғаларға немесе жан басына шаққандағы орташа айлық табысы ең төменгі күнкөріс деңгейінің 60%-ынан төмен отбасыларға ақшалай түрде беретін төлем;

29) үміткер - ШАК белгілеу үшін өзі және отбасы атынан өтініш білдірген тұлға.

Ескерту. 1-тармаққа өзгеріс енгізілді - Астана қаласы мәслихатының 17.07.2015 № 399/55-V (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік

он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 24.06.2016 № 34/7-VI (алғашқы ресми жарияланған күннен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) шешімдерімен.

2. Әлеуметтік көмек көрсету тәртібі, мөлшері және түрлері, сондай-ақ алушылар санаттарының тізбесі осы Қағидамен белгіленеді.

3. Әлеуметтік көмек Астана қаласында тіркелген және тұрақты тұратын азаматтарға ұсынылады.

4. Астана қаласының бюджеті әлеуметтік көмекті қаржыландыру көзі болып табылады.

Әлеуметтік көмек тиісті қаржы жылына қала бюджетінде осы мақсаттарға көзделген қаражат шегінде ұсынылады.

5. Ақшалай нысандағы әлеуметтік көмек екінші деңгейдегі банктер немесе "Қазпошта" акционерлік қоғамының аумақтық бөлімшелері арқылы алушылардың шоттарына ақшалай қаражат аудару жолымен көрсетіледі.

6. Заттай нысандағы әлеуметтік көмек Қазақстан Республикасының мемлекеттік сатып алу туралы заңнамасына сәйкес жеткізушілерді (бұдан әрі – Жеткізушілер) Әкімші анықтайтын қызмет көрсету арқылы ұсынылады.

7. Әлеуметтік көмек алушылардың санаттары туралы мәліметтерді Мемлекеттік корпорация, сондай-ақ Әкімшінің сауалы бойынша осындай мәліметтерге ие қаланың басқа да ұйымдары ұсынады.

8. Өтініш беруші толық емес және (немесе) дұрыс емес мәліметтерді ұсынған жағдайда әлеуметтік көмек тағайындалмайды.

9. Әлеуметтік көмек:

- 1) алушы қайтыс болған;
- 2) алушының Астана қаласының шегінен тыс жерде тұрақты тұруға кеткен;
- 3) алушының мемлекеттік медициналық-әлеуметтік мекемелерге тұруға жолданған;
- 4) өтініш беруші ұсынған мәліметтердің дәйексіздігі анықтаған жағдайда тоқтатылады.

Әлеуметтік көмек төлемі көрсетілген мән-жайлар болған айдан бастап тоқтатылады.

10. Азаматтардың дәйексіз мәлімет беру салдарынан артық және (немесе) заңсыз төленген сомасын өндіріп алу Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленген тәртіпте жүргізіледі.

11. Әлеуметтік көмекті ұсыну мониторингі мен есебін Әкімші "Е-Собес" автоматтандырылған ақпараттық жүйесінің деректер қорын пайдалану арқылы жүргізеді.

2-бөлім.

Әлеуметтік көмек алуға құқығы бар алушылардың санаттары

12. Әлеуметтік көмек алуға құқығы бар алушылардың санаттарына:

- 1) Ұлы Отан соғысының қатысушылары мен мүгедектері;
- 2) жеңілдіктер мен кепілдіктер жағынан Ұлы Отан соғысының қатысушыларына теңестірілген адамдар;
- 3) жеңілдіктер мен кепілдіктер жағынан Ұлы Отан соғысының мүгедектеріне теңестірілген адамдар;
- 4) жеңілдіктер мен кепілдіктер жағынан соғысқа қатысушыларға теңестірілген адамдардың басқа да санаттары;
- 5) зейнеткерлік жастағы адамдар, жасы бойынша және еңбек сіңірген жылдары бойынша зейнеткерлер, Қазақстан Республикасының алдында ерекше еңбегі үшін зейнетақы алушылар, сонымен қатар зейнеткерлік жасқа жеткен жасына байланысты және асыраушысынан айырылу жағдайы бойынша мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақы алушылар;
- 6) мүгедектер, оның ішінде он сегіз жасқа дейінгі мүгедек балалар;
- 7) саяси қуғын-сүргін құрбандары, саяси қуғын-сүргіннен зардап шеккен адамдар;
- 8) көп балалы отбасылар, көп балалы аналар;
- 9) балалар, оның ішінде тұлдыр жетімдер, ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалар, балалар үйлерінің түлектері;
- 10) аз қамтылған отбасылар;
- 11) әлеуметтік мәні бар аурулармен ауыратын адамдар жатады.

3-бөлім.

Мерекелік және айтулы күндерге әлеуметтік көмек көрсету тәртібі

13. Мерекелік және айтулы күндерге әлеуметтік көмек 5 000 (бес мың) теңге көлеміндегі ақшалай төлемдер түрінде азаматтардың мына санаттарына беріледі:

- 1-2 қаңтарда (Жаңа жыл) – ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға;
- 8 наурызда (Халықаралық әйелдер күні) – көп балалы отбасыларға, көп балалы аналарға;
- 21-23 наурызда (Наурыз мейрамы) – адамның иммунитет тапшылығы вирусін тудыратын ауруынан зардап шеккен адамдар, оның ішінде адамның иммунитет тапшылығы вирусін тасымалдаушылар ішінен әлеуметтік мәні бар аурулармен ауыратын азаматтарға;

7 мамырда (Отан қорғаушылар күні) – Қазақстан Республикасының алдында ерекше еңбегі үшін зейнетақы алушылар ішінен зейнеткерлік жастағы адамдарға;

31 мамырда (Саяси қуғын-сүргін құрбандарын еске алу күні) – саяси қуғын-сүргін құрбандарына, саяси қуғын-сүргіннен зардап шеккен адамдарға;

1 маусымда (Балаларды қорғау күні) – тұлдыр жетімдерге;

6 шілдеде (Елорда күні) – қатерлі ісіктері бар балалар ішінен әлеуметтік мәні бар аурулармен ауыратын азаматтарға;

30 тамызда (Қазақстан Республикасының Конституциясы күні) – ең төмен мөлшердегі зейнетақы алушылар ішінен зейнеткерлік жастағы адамдарға;

1 қазанда (Қарттар күні) – жасы бойынша зейнеткерлер, ең төмен мөлшердегі зейнетақы алушылардан басқа;

10 қазанда (Мүгедектер күні) – мүгедектерге және он сегіз жасқа дейінгі мүгедек балаларға;

16 желтоқсанда (Қазақстан Республикасының Тәуелсіздік күні) – он сегіз жасқа дейінгі балаларға тағайындалатын және төленетін ай сайынғы мемлекеттік жәрдемақы алуға құқығы бар, еңбекке жарамды жастағы жеке тұлғаларға, Қазақстандағы 1986 жылғы 17-18 желтоқсан оқиғаларына қатысушылар қатарындағы саяси қуғын-сүргін құрбандарына беріледі.

14. 20000 (жиырма мың) теңге көлеміндегі біржолғы ақшалай төлемдер азаматтардың мына санаттарына беріледі:

15 ақпанда (Ауғанстаннан Кеңестің шектеулі әскери контингентін шығару күні) – Ауғанстандағы ұрыс қимылдарына қатысушылар ішінен жеңілдіктер мен кепілдіктер жағынан Ұлы Отан соғысының қатысушылары мен мүгедектеріне теңестірілген адамдарға;

26 сәуірде (Чернобыль атом электрстанциясы апатының құрбандарын еске алу күні) – жеңілдіктер мен кепілдіктер жағынан Ұлы Отан соғысының қатысушылары мен мүгедектеріне теңестірілген адамдарға, сондай-ақ Чернобыль атом электрстанциясы апатының зардаптарын жоюға қатысушы тұлғалар ішінен жеңілдіктер мен кепілдіктер жөнінен соғысқа қатысушыларға теңестірілген адамдардың басқа да санаттарына беріледі.

15. 9 мамырда (Жеңіс күні) біржолғы ақшалай төлемдер азаматтардың мына санаттарына беріледі:

1) Ұлы Отан соғысының қатысушылары мен мүгедектеріне – 150 000 (жүз елу) мың теңгеден;

2) жеңілдіктер мен кепілдіктер жағынан Ұлы Отан соғысының қатысушылары мен мүгедектеріне теңестірілген тұлғаларға (осы Қағиданың 14-тармағында көрсетілген тұлғалардан басқа) – 20 000 (жиырма мың) теңге;

3) жеңілдіктер мен кепілдіктер жағынан соғысқа қатысушыларға теңестірілген адамдардың басқа да санаттарына – 10 000 (он мың) теңге.

16. 1 желтоқсан (Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті күні) күніне әлеуметтік көмек мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек алушылар ішінен

жиынтық табысы кедейлік шегінен төмен аз қамтылған азаматтарға (отбасына) азық-түлік жиынтығы түрінде ұсынылады.

Қағида шеңберінде азық-түлік жиынтығы:

макарон өнімі – 25 килограмм;

күріш – 25 килограмм;

қант – 5 килограмм;

күнбағыс майы – 5 литрді құрайды.

Азық-түлік жиынтығын сатып алу Қазақстан Республикасының мемлекеттік сатып алу туралы заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.

Азық-түлік жиынтығын беру Жеткізушімен, мемлекеттік сатып алу туралы конкурс жеңімпазымен жүзеге асырылады.

17. Әкімші тиісті негіздер бойынша азаматтардың арнаулы әлеуметтік жәрдемақыларды алу туралы Мемлекеттік корпорация мәліметтері негізінде, Астана қаласы әкімдігінің "ЖҚТБ-ны алдын алу және оған қарсы күрес жөніндегі орталығы" мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны (бұдан әрі – "ЖҚТБ-ның алдын алу және оған қарсы күрес жөніндегі орталығы" МКҚК), Астана қаласы әкімдігінің шаруашылық жүргізу құқығындағы "Онкологиялық диспансер" мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны (бұдан әрі – ШЖҚ "Онкологиялық диспансер" МКК), "Астана қаласының Денсаулық сақтау басқармасы" мемлекеттік мекемесі мәліметтерінің негізінде осы Қағиданың 13-15-тармақтарында көрсетілген санаттарға жататын азаматтардың тізімдерін әлеуметтік алушылардан өтініштер талап етілмей қалыптастырады.

18. Осы Қағиданың 13-16-тармақтарында көрсетілген арнаулы мемлекеттік жәрдемақы алушы азаматтарға мерекелік және айтулы күндерге біржолғы ақшалай төлемдер жылына бір рет тек қана бір негіздеме бойынша жүзеге асырылады.

4-бөлім.

Өмірлік қиын жағдайы болған кезде әлеуметтік көмек көрсету тәртібі

1-тарау.

Өмірлік қиын жағдайы болған кезде әлеуметтік көмек тағайындау бойынша жалпы ережелер

19. Өмірлік қиын жағдайы болған кезде азаматтарды мұқтаждар санаттарына жатқызу үшін мыналар негіздеме болып табылады:

1) Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген негіздер;

2) дүлей зілзала немесе өрт салдарынан азаматқа (отбасына) не болмаса мүлкіне зиян келтіруі;

3) әлеуметтік мәні бар аурулардың болуы;

4) азаматтардың жекелеген санаттары үшін 3 ең төмен күнкөріс деңгейінен аспайтын жан басына шаққандағы табысының болуы.

20. Өмірлік қиын жағдайы болған кезде әлеуметтік көмек тек осыған ұқсас ақшалай төлемдерді ұсыну, қызметтерді немесе өзге де өтеулерді көрсету үшін негіздер Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасымен белгіленген тәртіпте болмаған жағдайда ұсынылады.

21. Өтініш беруші Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес ұсынылған мәліметтердің дәйектілігіне жауапты болады.

22. Өтініш түскен кезде Әкімші бір жұмыс күні ішінде өтініш берушінің құжаттарын адамның (отбасының) материалдық жағдайына тексеру жүргізу үшін учаскелік комиссияға жолдайды.

23. Учаскелік комиссия құжаттар түскен күннен бастап екі жұмыс күні ішінде өтініш берушіге тексеру жүргізеді, оның нәтижелері бойынша осы Қағиданың 1, 2-қосымшаларына сәйкес нысандар бойынша адамның (отбасының) материалдық жағдайы туралы акті жасайды, адамның (отбасының) әлеуметтік көмекке мұқтаждылығы туралы қорытынды дайындайды және Әкімшіге жолдайды.

24. Әлеуметтік көмек осы Қағиданың 19-тармағы 4) тармақшасында көзделген негіздер бойынша өтінішті қарастыру кезеңіне ұсынылған табысы туралы мәліметтер негізінде әлеуметтік көмек көрсетудің барлық кезеңіне бір жолы тағайындалады.

25. Өтініші берушінің қажетті құжаттарды олардың бүлінуіне, жоғалуына байланысты ұсынуға мүмкіндігі болмаған жағдайда, Әкімші тиісті мәліметтерді қамтитын өзге уәкілетті органдармен ұйымдардың деректері негізінде әлеуметтік көмек тағайындау туралы шешім қабылдайды.

26. Әкімші учаскелік комиссиядан құжаттар келіп түскен күннен бастап бір жұмыс күні ішінде адамның (отбасының) жан басына шаққандағы орташа табысын есептеуді жүргізеді және қарауға құжаттардың толық пакетін арнайы комиссияның қарауына ұсынады.

27. Арнайы комиссия құжаттар келіп түскен күннен бастап екі жұмыс күні ішінде көлемін көрсете отырып, әлеуметтік көмек көрсету қажеттілігі жөнінде қорытынды шығарады.

28. Әкімші өтініш берушінің әлеуметтік көмек алуға қажетті құжаттарын тіркеген күннен бастап сегіз жұмыс күні ішінде қабылдаған құжаттар мен арнайы комиссияның арнайы көмек көрсету қажеттілігі туралы қорытындысының негізінде әлеуметтік көмек көрсету не көрсетуден бас тарту туралы шешім қабылдайды.

Осы Қағиданың 24-тармағында көрсетілген жағдайда Әкімші өтініш берушіден құжаттарды қабылдаған күннен бастап жиырма жұмыс күні ішінде әлеуметтік көмек көрсету не көрсетуден бас тарту туралы шешім қабылдайды.

29. Әкімші шешім қабылдаған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде өтініш берушіні қабылдаған шешім туралы (бас тартқан жағдайда – негіздемелерін көрсетумен) жазбаша хабардар етеді.

30. Белгіленген негіздердің бірі бойынша әлеуметтік көмек бір күнтізбелік жыл ішінде қайтадан көрсетілмейді.

31. Әлеуметтік көмек көрсетуден бас тарту мына жағдайларда:

- 1) өтініш беруші ұсынған мәліметтердің толық емес, дәйексіздігі анықтаған;
- 2) өтініш беруші адамның (отбасының) материалдық жағдайына тексеру жүргізуден бас тартқан, жалтарған;
- 3) адамның (отбасының) жан басына шаққандағы орташа табысы әлеуметтік көмек көрсету үшін белгіленген шектен артқан жағдайда жүзеге асырылады.

2-тарау.

Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген негіздер бойынша әлеуметтік көмек

32. Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген негіздер бойынша өмірлік қиын жағдайына тап болған азаматтар деп "Арнаулы әлеуметтік қызметтер туралы" Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 29 желтоқсандағы Заңының 6-бабына сәйкес азаматтар танылады.

33. Әлеуметтік көмек ақшалай төлем түрінде ұсынылады және дәрі-дәрмек құралдарын сатып алу, медициналық қызметтерді алу, басқа да өмірге қажетті мәселелерді шешу, оның ішінде өмір сүруге қаражаты болмауына байланысты қаржылық қаражаттың аса қажеттілігін жоюға арналған.

34. Әлеуметтік көмек алу үшін өтініш беруші өзінен немесе отбасы атынан Әкімшіге төмендегі құжаттарды қоса отырып өтініш береді:

- 1) жеке басын куәландыратын құжаттың көшірмесі;
- 2) мекенжай анықтамасы;
- 3) Қағиданың 1-қосымшасына сәйкес адамның (отбасының) құрамы туралы мәліметтер;
- 4) адамның (отбасы мүшелерінің) табыстары туралы мәліметтер;
- 5) өмірлік қиын жағдайдың туындағанын растайтын акті және/немесе құжат;
 - б) өмірлік қиын жағдайына байланысты адамның болған немесе жоспарланған шығындарын растайтын құжаттар (чектердің, түбіртектердің көшірмелері, медициналық қызметтерді көрсетуге шарт).

35. Құжаттар салыстыру үшін түпнұсқа мен көшірме түрінде ұсынылады, одан кейін түпнұсқалары өтініш берушіге қайтарылады.

36. Әлеуметтік көмектің көлемі 13 айлық есептік көрсеткіштен аспайтын туындаған өмірлік қиын жағдайларын жоюға өтініш берушінің нақты шығындарына (не болмаса алдыңғы шығындарына) байланысты анықталады.

37. Әлеуметтік көмекті тағайындауға хабарласқан азаматтардың өтініштері Әкімшімен көрсетілген өмірлік қиын жағдайы болған күннен бастап үш айдан кешіктірілмей қарастырылады.

3-тарау.

Дүлей зілзала салдарынан азаматқа (отбасына) не болмаса мүлкіне зиян келтіру негіздері бойынша әлеуметтік көмек

38. Табиғи немесе техногендік сипаттағы төтенше жағдайларға әкеп соқтырған дүлей зілзала салдарынан зардап шеккен азаматтарға әлеуметтік көмек ақшалай төлем түрінде мына мөлшерде:

тұрғын үйге елеулі зиян келтірілген, бүлінген, жойылған жағдайда отбасына 65 айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде;

отбасы мүшелері қайтыс болғанда – қаза болған адамға 15 айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде жүргізіледі.

39. Әлеуметтік көмек алу үшін өтініш беруші өзінен немесе отбасы атынан Әкімшіге төмендегі құжаттарды қоса отыраөтінішті береді:

- 1) жеке басын куәландыратын құжаттың көшірмесі;
- 2) мекенжай анықтамасы;
- 3) келтірілген зиянның дәрежесі мен төтенше жағдайдың фактісін растайтын құжаттар;

4) жоғалған, бүлінген тұрғын үйдің тиесілігін растайтын құжаттар:

жеке меншік құқығында тиесілілер үшін – Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің аумақтық органы берген жылжымайтын мүлікке тіркелген құқықтарының жоқтығы (бар болуы) жөніндегі анықтама;

өзге де заңды негіздерде тұрып жатқандар үшін –тұрғын үйді ұстау бойынша белгіленген меншік иесі міндеттемемен тұру құқығына құжаттың көшірмесі;

5) қаза болған жағдайда – отбасы мүшесінің қайтыс болу фактісін және оларға қатысты туыстығын растайтын құжаттар.

40. Құжаттар түпнұсқа мен көшірме түрінде салыстыру үшін ұсынылады, одан кейін түпнұсқалары өтініш берушіге қайтарылады.

41. Әлеуметтік көмек алуға келіп Әкімшітөтенше жағдай пайда болған күннен бастап үш айдан кешікпей түскен өтініштерді қарайды.

4-тарау.

Әлеуметтік мәні бар аурулардың болуы негіздері бойынша әлеуметтік көмек

42. Әлеуметтік мәні бар аурулар - туберкулез бойынша әлеуметтік көмек белсенді туберкулезбен ауыратын азаматтарға Астана қаласы әкімдігінің "Астана қаласы Туберкулезге қарсы диспансері" мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны (бұдан әрі – Туберкулезге қарсы диспансер) диспансерлік есепте тұрған және амбулаторлық емделудегі азаматтарға:

- 1) қалалық жолаушылар көлігінде белгіленген үлгідегі ай сайынғы жол жүру билеттері (бұдан әрі – жол жүру билеті);
- 2) азық-түлік жиынтығымен қамтамасыз ету түрінде ұсынылады.

43. Әлеуметтік көмек көрсету үшін негіздеме төмендегі құжаттарды қоса отыра ай сайын Туберкулезге қарсы диспансер жасайтын көмектің түрін көрсетіп, осы Қағиданың 42-тармағында көрсетілген азаматтардың тізімі (бұдан әрі – тізім) болып табылады:

- 1) осы Қағиданың 42-тармағында көрсетілген азаматтардың жеке басын куәландыратын құжаттың көшірмесі;
- 2) мекенжай анықтамасы.

44. Әкімші Туберкулезге қарсы диспансермен бірлесіп, жыл сайын "Астана қаласының Денсаулық сақтау басқармасы" мемлекеттік мекемесімен (бұдан әрі - Денсаулық сақтау басқармасы) келісіп әлеуметтік көмек көрсету үшін азық-түлік жиынтығының тізімін жасайды.

45. Туберкулезге қарсы диспансер әр айдың 1-не дейін жеткізушілерден жол жүру билеттері мен азық-түлік жиынтығын қабылдауды жүзеге асырады.

46. Жол жүру билеттері мен азық-түлік жиынтығын беру тізімге сәйкес әр айдың 3-нен кешіктірмей, алушының жеке қолымен Туберкулезге қарсы диспансері жүзеге асырады.

Пайдаланған жол жүру билеттері үш жыл ішінде Туберкулезге қарсы диспансерде сақталады.

47. Әлеуметтік көмек алушы жол жүру билетін жоғалтқан жағдайда, Туберкулезге қарсы диспансер тиісті акт жасап, оның көшірмесін Әкімшіге ұсынады.

48. Туберкулезге қарсы диспансер ай сайын есепті келесі айдың 3-не дейін Әкімшіге Денсаулық сақтау басқармасымен келісілген, алушының тегін, атын, әкесінің атын, жеке куәлігінің (паспорттың) нөмірін, тіркелімі және нақты тұрып жатқан жері бойынша мекенжайын, байланыс телефонын, пайдаланған жол жүру билетінің нөмірі мен әлеуметтік көмек алу туралы белгісін көрсетіп, әлеуметтік көмек алушылардың тізімін ұсынады.

49. Тоқсан сайынғы ақшалай төлем түрінде әлеуметтік көмек 5 айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде:

әлеуметтік мәні бар аурулар бойынша – адам иммунитет тапшылығы вирусы тудыратын ауру, оның ішінде адам иммунитет тапшылығы вирусын тасымалдау "ЖҚТБ-ны алдын алу және оған қарсы күрес жөніндегі орталығы" МКҚК диспансерлік есепте тұрған адамдарға;

әлеуметтік мәні бар аурулар бойынша - қатерлі ісіктер Денсаулық сақтау басқармасында диспансерлік есепте тұрған балаларға ұсынылады.

50. Әлеуметтік мәні бар аурулардан зардап шегетін азаматтар туралы осы Қағиданың 49-тармағында көрсетілген ұйым ұсынатын мәліметтер Әкімшінің қызметкерлерімен жариялауға жатпайды.

5-тарау.

Азаматтардың жекелеген санаттары үшін белгіленген шектен аспайтын жан басына шаққандағы табысының болуы негіздері бойынша әлеуметтік көмек

§1. Ұлы Отан соғысының қатысушылары мен мүгедектеріне, сондай-ақ жеңілдіктер мен кепілдіктер бойынша соларға теңестірілген тұлғаларға, жасы бойынша зейнеткерлерге әлеуметтік көмек

51. Әлеуметтік көмек Ұлы Отан соғысының қатысушыларына, мүгедектеріне кірісті есепке алусыз мынадай түрде ұсынылады:

- 1) тісті протездеу;
- 2) санаторлық-шипажайлық ем алу;
- 3) дәрілік құралдармен қамтамасыз ету;
- 4) коммуналдық қызметтерге, тұрғын үйді күтіп ұстауға, телефон үшін абоненттік төлемді төлеуге ақшалай төлем жасау;
- 5) Астана қаласының ресми мерзімдік баспа шығармаларына жазылуға арналған ақшалай төлем;
- 6) моншаға, шаштаразға, мәдени-көпшілік, спорт іс-шараларына баруға, ақшалай төлем.

Ескерту. 51-тармақ жаңа редакцияда - Астана қаласы мәслихатының 29.09.2014 № 290/41-V (алғашқы ресми жариялану күнінен кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) шешімімен.

51-1. Жеңілдіктер мен кепілдіктер бойынша Ұлы Отан соғысына қатысушылар мен мүгедектеріне теңестірілген тұлғаларға кірісін есепке алусыз әлеуметтік көмек мынадай түрде көрсетіледі:

- 1) тісті протездеу;
- 2) санаторлық-шипажайлық ем алу;

3) дәрілік құралдармен қамтамасыз ету;

4) коммуналдық қызметтерге, тұрғын үйді күтіп ұстауға, телефон үшін абоненттік төлемді төлеуге ақшалай төлем жасау.

Ескерту. 51-1-тармақпен толықтырылды - Астана қаласы мәслихатының 29.09.2014 № 290/41-V (алғашқы ресми жариялану күнінен кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) шешімімен.

52. Жасы бойынша зейнеткерлерге және мүгедектерге кірісін есепке алусыз тісті протездеу түріндегі әлеуметтік көмек көрсетіледі.

Ескерту. 52-тармақ жаңа редакцияда - Астана қаласы мәслихатының 29.09.2014 № 290/41-V (алғашқы ресми жариялану күнінен кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) шешімімен.

53. Әлеуметтік көмек алу үшін өтініш беруші Әкімшіге өтінішке қоса төмендегі құжаттарды ұсынады:

1) жеке басын куәландыратын құжаттың көшірмесі;

2) мекенжай анықтамасы;

3) осы Қағидаға 3-қосымшаға сәйкес отбасының құрамы туралы мәліметтер;

4) Алынып тасталды - Астана қаласы мәслихатының 29.09.2014 № 290/41-V шешімімен.

5) тісті протездеу түрінде әлеуметтік көмек көрсету үшін – уәкілетті медициналық ұйымы берген тісті протездеу қажеттілігі жөнінде медициналық қорытынды;

6) шипажайлық-курорттық емделу түрінде әлеуметтік көмек көрсету үшін – шипажайлық-курорттық карта;

7) дәрі-дәрмекпен қамтамасыз етуге әлеуметтік көмек көрсету үшін – уәкілетті медициналық ұйым берген дәрі-дәрмек заттарына рецепт;

8) коммуналдық қызметтерді, тұрғын үйді ұстауға, телефонға абоненттік төлемдерді төлеуге ақшалай төлемдер түрінде әлеуметтік көмек үшін – тұрып жатқан тұрғын үйдің шаршы метрін растайтын (техникалық төлқұжатпен құқық белгілейтін құжат) құжаттың көшірмесі.

Ескерту. 53-тармаққа өзгеріс енгізілді - Астана қаласы мәслихатының 29.09.2014 № 290/41-V (алғашқы ресми жариялану күнінен кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) шешімімен.

54. Құжаттардың түпнұсқалары мен көшірмелері салыстыру үшін ұсынылады, одан кейін түпнұсқалары өтініш берушіге қайтарылады.

55. Тісті протездеуге (бағалы металдардан жасалған протездерден басқа) әлеуметтік көмек екі жылда бір рет Ұлы Отан соғысының қатысушылары мен мүгедектеріне, сондай-ақ жеңілдіктер мен кепілдіктер бойынша соларға теңестірілген тұлғаларға, жасы бойынша зейнеткерлерге ұсынылады.

56. Әкімші тіс протездеу бойынша қызмет Жеткізушілермен шарт жасасқан кезден бастап күнтізбелік он күн ішінде жергілікті бұқаралық ақпарат құралдары арқылы тістерін протездеуге тіркеу жүргізетін орындар мен мерзімдері туралы халықты хабардар етеді.

57. Шипажайлық-курорттық емделуге әлеуметтік көмек Ұлы Отан соғысының қатысушыларына, сондай-ақ жеңілдіктер мен кепілдіктер бойынша соларға теңестірілген тұлғаларға Жеткізушілер базасында шипажайлық-курорттық емделуден өту үшін жолдамаларды ұсыну арқылы беріледі.

57-1. Шипажайлық-курорттық емделуге арналған әлеуметтік көмек: жолдама құнының 35%-ын төлеумен жасы бойынша зейнеткерлерге; жолдама құнының 25%-ын төлеумен ең төмен мөлшердегі зейнетақы алушылар санынан жасы бойынша зейнеткерлерге ұсынылады.

Ескерту. 57-1-тармақпен толықтырылды - Астана қаласы мәслихатының 17.07.2015 № 399/55-V (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) шешімімен.

58. Шипажайлық-курорттық емделу Қазақстан Республикасының аумағында орналасқан мамандандырылған мекемелерде жүзеге асырылады.

Шипажайлық-курорттық емделуден өту мерзімі 14 күнді құрайды.

Шипажайлық-курорттық емделу құқығы күнтізбелік жылына бір реттен артық емес ұсынылады.

59. Шипажайлық-курорттық емделу орнына дейінгі және кері қайту жолақысының құнын шипажайлық-курорттық емделушінің жеке қаражаты есебінен жүргізіледі.

60. Әкімші келіп түскен өтініштерге сәйкес жеткізуші ұсынған келу кестесіне сәйкес кезек тәртібімен (өтініштерді тіркеу) жолдамаларды ұсынуға азаматтардың тізімін жасайды.

Шипажайлық-курорттық емделуден өтініш беруші өз талабы бойынша бас тартқан жағдайда, жолдама Әкімшіге қайтарылуы және кезекке сәйкес басқа өтініш берушіге берілуі тиіс.

61. Жолдама дәлелді себептер бойынша пайдаланылмаған жағдайда, шипажайлық-курорттық емделуге құқығы мүмкіндігінше келу кестесіне сәйкес басқа кезеңнің жолдамасына, бірақ ауыстырылуға тиіс жолдамада көрсетілген келу басталғанға дейін үш күннен кешіктірілмей ұсынылуы мүмкін.

62. Жолдаманы алуға келу қажеттілігі жөнінде өтініш берушіге Әкімшінің екі рет почтамен жолданған жазбаша хабарламалары бойынша хабарласпаған жағдайда, берілген өтініш бойынша шипажайлық-курорттық емделу ұсынылмайды.

63. Әкімшінің бірінші басшысы (немесе оның орынбасары) қол қойған және мөрмен бекітіліп берілген жолдамада шипажайлық-курорттық емделуге құқылы тұлғаның тегі, аты және әкесінің аты көрсетіледі.

64. Амбулаторлық емделуде дәрі-дәрмекпен қамтамасыз етуге Әлеуметтік көмек мәртебесі Ұлы Отан соғысының қатысушылары мен мүгедектеріне және жеңілдіктер мен кепілдіктер жағынан соларға теңестірілген адамдарға ұсынылады.

65. Әкімші осы Қағиданың 64-тармағында көрсетілген санаттарға жататын азаматтардың тізімдерін уәкілетті медициналық ұйымға жыл сайын 3 қаңтарға дейін ұсынады және қажет болған жағдайда оны жаңартады.

66. Осы Қағиданың 64-тармағында көрсетілген санаттарға жататын дәрі-дәрмек заттарына мұқтаж азаматтар уәкілетті медициналық ұйымға дәрі-дәрмек заттарына белгіленген үлгідегі жеңілдікті рецептті алуға хабарласады.

67. Әлеуметтік көмек шеңберіндегі дәрі-дәрмек заттары осы Қағидаға 4-қосымшаға сәйкес амбулаторлық емделуде Астана қаласының мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарын тегін қамтамасыз ету үшін дәрі-дәрмек заттарының тізбесі бойынша (бұдан әрі – Дәрі-дәрмек заттарының тізбесі) ұсынылады.

68. Уәкілетті медициналық ұйым берген дәрі-дәрмек заттарының рецептері, Әкімшінің жолдамасы негізінде дәрі-дәрмек заттары жеткізушілердің дәріханалық мекемелерінде жеке куәлігінің түпнұсқасын ұсынған жағдайда жіберіледі.

69. Коммуналдық қызметтерді, тұрғын үйді ұстауға, телефонға абоненттік төлемдерді төлеуге ақшайлай төлемдер Ұлы Отан соғысының қатысушылары мен мүгедектеріне, жеңілдіктер мен кепілдіктер жағынан соларға теңестірілген тұлғаларға, жеңілдіктер мен кепілдіктер жағынан соғысқа қатысушыларға теңестірілген адамдардың басқа да санаттарына бір жылға тағайындалады және өтініш берген айдан бастап ай сайын төленеді.

70. Әлеуметтік көмек мына мөлшерлерде беріледі:

1) абаттандырылған пәтерлерде тіркелген және тұратын Ұлы Отан соғысының қатысушылары мен мүгедектеріне:

35 шаршы метрге дейін – 5 айлық есептік көрсеткіш;

35 шаршы метрден 50 шаршы метрге дейін – 6 айлық есептік көрсеткіш;

50 шаршы метрден 80 шаршы метрге дейін – 7 айлық есептік көрсеткіш;

80 шаршы метрден және одан жоғары – 8 айлық есептік көрсеткіш;

2) жеке тұрғын үйлерде тұратын және тіркелген Ұлы Отан соғысының қатысушылары мен мүгедектеріне – 5 айлық есептік көрсеткіш;

3) жеңілдіктері мен кепілдіктері бойынша Ұлы Отан соғысының қатысушылары мен мүгедектеріне теңестірілген адамдарға – 2,4 айлық есептік көрсеткіш;

4) Ұлы Отан соғысында қаза тапқан (қайтыс болған, хабарсыз кеткен) жауынгерлердің екінші рет некеге тұрмаған жесірлері санынан жеңілдіктер мен кепілдіктер жөнінен соғысқа қатысушыларға теңестірілген адамдарға – 4,4 айлық есептік көрсеткіш.

71. Көрсетілген ақшалай төлемге құқығы бар бірнеше адам бір тұрғылықты мекенжай бойынша тіркелген жағдайда, төлем тек қана біреуіне жүргізіледі.

72. Ұлы Отан соғысының қатысушылары мен мүгедектеріне Астана қаласының ресми мерзімді баспасөз басылымдарына жазылуға, моншаларға, мәдени ойын-сауық немесе спорт шараларына, шаштараздарға баруға жылына бір рет 6,5 айлық есептік көрсеткіш көлемінде ақшалай төлем жүзеге асырылады.

§2. Жоғары оқу орындарында оқу ақысын төлеуге азаматтардың жекелеген санаттарына әлеуметтік көмек

73. 3 ең төмен күнкөріс деңгейінен аспайтын жан басына шаққандағы табысы болған жағдайда қаланың жоғары оқу орындарында оқу ақысын төлеу үшін жалпы білім беретін мектептер түлектеріне әлеуметтік көмек қаланың жалпы білім беретін мектептер түлектері ішінен:

тұлдыр жетімдерге;

балалар үйлерінің түлектеріне;

бала жасынан мүгедектерге;

ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға;

көпбалалы отбасының балаларына беріледі.

74. Әлеуметтік көмек қаланың тиісті жоғары оқу орнында оқудың нақты құны мөлшерінде және тиісті қаржы жылына қала бюджетінде осы мақсаттарға қарастырылған қаражат шегінде көрсетіледі.

75. Әлеуметтік көмек алу үшін өтініш беруші Әкімшіге өтінішке қоса төмендегі құжаттарды ұсынады:

1) жеке басын куәландыратын құжаттың көшірмесі;

2) мекенжай анықтамасы;

3) осы Қағидаға 3-қосымшаға сәйкес отбасының құрамы туралы мәліметтер;

4) Жиынтық табысын есептеу ережесіне сәйкес адамның (отбасы мүшелерінің) табысы туралы мәліметтер;

5) ата-анасының қайтыс болуы туралы куәлігінің көшірмесі (тұлдыр жетімдерге);

- 6) мүгедектігі туралы анықтамасының көшірмесі (бала жасынан мүгедектерге);
- 7) көп балалы отбасы мәртебесін растайтын құжатының көшірмесі (көп балалы отбасының балалары үшін);
- 8) туу туралы куәлігінің көшірмесі (тұлдыр жетімдерге);
- 9) Ұлттық бірыңғай тестілеудің немесе Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің Білім беру мен тестілеудің мемлекеттік стандарттарының ұлттық орталығы әзірлеген технология бойынша өткізілетін кешенді тестілеудің (бұдан әрі – тестілеу) нәтижесі бойынша берілген мемлекеттік сертификаты.
76. Құжаттардың түпнұсқалары және көшірмелері салыстыру үшін ұсынылады, одан кейін түпнұсқалары өтініш берушіге қайтарылады.
77. Әкімші әлеуметтік көмек алуға үміткерлерден құжаттар қабылдауды 1 тамызда аяқтайды.
78. Білім басқармасы жыл сайын 1 мамырға осы Қағиданың 73-тармағында көрсетілген тұлғалар ішінен ағымдағы жылдың жалпы білім беретін мектептер түлектерінің тізімдерін Әкімшіге ұсынады.
79. Әлеуметтік көмек алуға үміткерлерді іріктеу тестілеу кезінде ең жоғары алған ұпай саны бойынша осы Қағиданың 73-тармағында көрсетілген санаттардан жүргізіледі.
80. Іріктеу осы Қағиданың 73-тармағында келтірілген ретімен көрсетілген санаттардың әрқайсысының шегінде жүргізіледі.
81. Тестілеу кезінде қажетті ең төменгі баллдан кем алған жалпы білім беретін мектептер түлектеріне әлеуметтік көмек тағайындалмайды.
82. Әкімші әлеуметтік көмекті тағайындағаннан кейін қаланың жоғарғы оқу орындарымен және әлеуметтік көмек алушыларымен білім беру қызметтерін көрсетуге шарттар (бұдан әрі – шарт) жасасады.
83. Әкімші он банктік күн ішінде шартқа қол қойғаннан кейін жоғарғы оқу орнының дербес есеп шотына ақшалай қаражатты аудару жолымен алғашқы оқу жылына төлемақы жүргізеді.
84. Келесі оқу жылдарға әлеуметтік көмек жыл сайын оқу жылының басында жүргізіледі.
85. Әкімші жоғарғы оқу орнымен бірігіп, әлеуметтік көмек алушының оқуға кірген кезінен бастап оның оқуын бақылауды жүзеге асырады.
86. Жоғарғы оқу орнының әкімшілігі үлгерімі төмен болғаны, себепсіз үнемі оқуға қатыспағаны немесе әлеуметтік көмек төлем есептеу және/немесе тоқтату үшін негіз болып табылатын оқу орнының Жарғысына сәйкес басқа да оқу тәртібін бұзғаны жөнінде Әкімшіні уақтылы хабардар етуге міндетті.

87. Егер әлеуметтік көмек алушы жоғары оқу орнынан шығарылса, жоғарғы оқу орны бес күн ішінде оқудан шығарылғандығы туралы бұйрықтың көшірмесін ұсынып, Әкімшіні хабардар етеді.

88. Әлеуметтік көмек алушы жоғарғы оқу орнынан шығарылған жағдайда Әкімші әлеуметтік көмек тағайындау үшін көзделген тәртіпте жоғарғы оқу орны әкімшілігінің ұсынысы бойынша оқудан шығарылған студенттің орнына осы Қағиданың 73-тармағында көрсетілген тұлғалар ішінен бейінді мамандық бойынша осындай жоғарғы оқу орнының басқа студентімен ауыстырады.

Бейінді мамандық шегінде ауыстыру үшін үміткер болмаған жағдайда, жоғарғы оқу орнының әкімшілігі басқа мамандық бойынша студентті ұсынады.

Аталған жоғарғы оқу орнында үміткер болмаған жағдайда Әкімші қаланың басқа жоғары оқу орындарынан ауыстыру үшін үміткерді сұрастырады.

89. Оқудан шығарылған студенттің орнын ауыстыру туралы ұсыныс болмаған жағдайда, жоғарғы оқу орны оқу шығындарын шегеру есебімен Астана қаласы бюджетінің кірісіне төленген қаражатты қайтаруды жүргізеді.

90. Оқуға әлеуметтік көмек алушы жоғарғы оқу орнынан шығарылған жағдайда оқуға төленген сомалары өндірілмейді.

91. Денсаулығына байланысты академиялық демалысқа әлеуметтік көмек алушы оқуға қайтадан оралғаннан кейін одан әрі оқуға әлеуметтік көмек алуына болады.

92. Жоғарғы оқу орнын бітірген соң және тиісті үлгідегі дипломды алғаннан кейін ол туралы оқуға әлеуметтік көмек алушы он күн мерзім ішінде Әкімшіні хабардар етеді.

§ 3. Азаматтардың жекелеген санаттарына қатты отынды сатып алуға әлеуметтік көмек

93. Қатты отынды сатып алуға әлеуметтік көмек 3 ең төмен күнкөріс деңгейінен аспайтын жан басына шаққандағы табысы болған жағдайда басқа тұрғын үйі жоқ, жергілікті (пештік) жылытатын жеке тұрғын, үйде тұратын оның жеке меншік иесі (жалға алушысы) болып табылатын қаланың зейнеткерлеріне, мүгедектеріне мен мүгедек балаларға жүргізіледі.

94. Өтемақы жылыту маусымына 8 айлық есептік көрсеткіш көлемінде жүргізіледі.

95. Қатты отынды сатып алуға өтемақы алуға құқығы бар бірнеше адам бір жеке меншік тұрғын үйде тұрған жағдайда, өтемақы тек қана біреуіне беріледі.

96. Әлеуметтік көмек алу үшін өтініш беруші жылыту маусымы кезеңінде Әкімшіге өтінішке қоса төмендегі құжаттарды ұсынады:

- 1) жеке басын куәландыратын құжаттың көшірмесі;

2) мекенжай анықтамасы;

3) осы Қағидаға 3-қосымшаға сәйкес адамның (отбасының) құрамы туралы мәліметтер;

4) Жиынтық табысын есептеу қағидасына сәйкес адамның (отбасы мүшелерінің) табысы туралы мәліметтер;

5) зейнеткерлік куәлігінің көшірмесі – зейнеткерлер үшін, мүгедектігі жөніндегі анықтамасының көшірмесі – мүгедектер үшін;

6) Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің аумақтық органы берген жылжымайтын мүлікке тіркелген құқығының болмауы (болуы) жөніндегі анықтама.

97. Құжаттардың түпнұсқалары және көшірмелері салыстыру үшін ұсынылады, одан кейін түпнұсқалары өтініш берушіге қайтарылады.

6-тарау. Әлеуметтік келісім-шарт негізінде көрсетілетін әлеуметтік көмек

Ескерту. 6-тараумен толықтырылды - Астана қаласы мәслихатының 17.07.2015 № 399/55-V (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) шешімімен.

98. Әлеуметтік келісім-шарт негізінде көрсетілетін әлеуметтік көмек (ШАК) отбасының (тұлғаның) еңбекке қабілетті мүшелерінің жұмыспен қамтуға ықпал етудің мемлекеттік шараларына қатысу және қажет болған жағдайда еңбекке қабілеттілерді қоса алумен отбасы (тұлға) мүшелерінің әлеуметтік бейімделуден өту шартымен және отбасы белсенділігін арттырудың әлеуметтік келісім-шарттың күшінде болу мерзіміне отбасыға (тұлғаға) көрсетіледі және ай сайын төленеді.

99. Отбасының әрбір мүшесіне (тұлғаға) арналған ШАК мөлшері отбасының (тұлғаның) жан басына шаққандағы табысы мен облыстарда (республикалық маңызы бар қалада, астанада) белгіленген ең төменгі күнкөріс деңгейінің 60 пайызы арасындағы айырма ретінде айқындалады және отбасының құрамы өзгерген жағдайда, ШАК мөлшері көрсетілген мән-жайлар орын алған кезден бастап, бірақ оны тағайындаған кезден кейін ғана қайта есептеледі.

100. Жан басына шаққандағы орташа табыс ШАК тағайындауға жүгінген айдың алдындағы 3 (үш) айда алынған жиынтық табысты отбасы мүшелерінің санына және 3 (үш) айға бөлу арқылы есептеледі және отбасының белсенділігін арттырудың әлеуметтік келісімшарты қолданылатын мерзім ішінде қайта қаралмайды.

101. Үміткер ШАК тағайындау үшін жеке өзінің не отбасының атынан тұрғылықты жері бойынша Әкімшіге жүгінеді.

Үміткер ШАК тағайындауға келісім берген жағдайда Қағидаға 5-қосымшаға сәйкес әңгімелесу парағын толтырумен әңгімелесу жүргізіледі.

102. Әңгімелесу парағына қол қойған үміткер ШАК тағайындау туралы өтінішті, Қағидаға 6, 7-қосымшаларға сәйкес отбасылық және материалдық жағдайы туралы сауалнаманы толтырады, оған мынадай құжаттарды қоса береді:

1) жеке басын куәландыратын құжат;

2) Қағидаға 8-қосымшаға сәйкес нысан бойынша отбасы құрамы туралы мәліметтер;

3) отбасы мүшесіне (қажет болған кезде) қамқоршылықтың (қорғаншылықтың) белгіленгенін растайтын құжат;

4) тұрақты тұрғылықты жері бойынша тіркелгенін растайтын құжат немесе мекенжай анықтамасы.

103. Егер өтініш беруші жүгінген кезде мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек және (немесе) он сегіз жасқа дейінгі балаларға мемлекеттік жәрдемақы алушы болып табылса, Қағиданың 102-тармағының 1), 2), 3), 4) тармақшаларында көрсетілген құжаттарды ұсыну талап етілмейді.

104. Әкімші құжаттарды алған күннен бастап 2 (екі) жұмыс күні ішінде іс макетін қалыптастырады және өтініш берушінің материалдық жағдайына тексеру жүргізу үшін учаскелік комиссияларға береді.

105. Учаскелік комиссиялар құжаттар келіп түскен күннен бастап 3 (үш) жұмыс күні ішінде өтініш берушінің материалдық жағдайына тексеру жүргізеді, Қағидаға 9-қосымшаға сәйкес нысан бойынша тексеру актісін жасайды, Қағидаға 10-қосымшаға сәйкес нысан бойынша учаскелік комиссияның қорытындысын дайындайды және оны Әкімшіге береді.

106. Әлеуметтік келісім-шарт негізінде ШАК-ке құқығы айқындалғаннан кейін Әкімші өтініш берушіні және (немесе) отбасы мүшелерін "Отбасының белсенділігін арттырудың әлеуметтік келісімшарты мен отбасыға көмектің жеке жоспары нысандарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрінің 2015 жылғы 23 ақпандағы № 88 бұйрығымен бекітілген нысан бойынша отбасыға көмектің жеке жоспарын әзірлеу және отбасының белсенділігін арттырудың әлеуметтік келісімшартын жасау үшін (бұдан әрі - жеке жоспар) шақырады.

107. Жұмыспен қамтуға жәрдемдесу және әлеуметтік бейімдеу жөніндегі іс-шараларды қамтитын (отбасында осындай бейімделуге мұқтаж адам болған жағдайда) жеке жоспар өтініш берушімен және оның отбасы мүшелерімен бірлесіп жасалады және отбасының белсенділігін арттырудың әлеуметтік келісімшартының ажырамас бөлігі болып табылады.

108. Отбасының белсенділігін арттырудың әлеуметтік келісімшарты тараптардың міндеттемелерін, сондай-ақ скринингтік тексеруден өтуге,

әлеуметтік мәні бар аурулардан (маскүнемдік, нашақорлық, туберкулез) емделуге бейімділігі, жүктіліктің 12 аптасына дейін әйелдер консультациясына тіркеуге тұру және жүктіліктің барлық кезеңінде бақылауда болу бойынша міндеттемелерді қамтиды.

109. Отбасының белсенділігін арттырудың әлеуметтік келісімшарты 6 (алты) айға, бірақ отбасы мүшелерінің әлеуметтік бейімделуін ұзарту қажет болған және (немесе) отбасының еңбекке қабілетті мүшелері кәсіптік оқуын аяқтамаған және (немесе) жастар практикасынан өткен және (немесе) әлеуметтік жұмыс орындарында жұмыспен қамтылған жағдайда бір жылдан асырмай 6 (алты) айға ұзарту мүмкіндігімен жасалады.

Отбасының белсенділігін арттырудың әлеуметтік келісімшарты ұзартылған жағдайда шартты әлеуметтік көмек мөлшері қайта қаралмайды.

110. Жұмыспен қамтуға жәрдемдесудің мемлекеттік шараларына қатысу:

стационарлық, амбулаторлық емделу (тиісті медициналық ұйымдардан растайтын құжаттар ұсынған кезде) кезеңінде;

жұмыспен қамтуға жәрдемдесудің мемлекеттік шараларына қатысатын негізгі үміткерден (үміткерлерден) басқа тұлғалардың үш жасқа дейінгі балаға, он сегіз жасқа толмаған мүгедек балаға, бөгде адамның күтімі мен көмегіне мұқтаж бірінші және екінші топтағы мүгедектерге, сексен жастан асқан қарттарға күтім жасауды жүзеге асыру жағдайларын қоспағанда, отбасының еңбекке қабілетті мүшелері үшін міндетті шарт болып табылады.

111. Әкімші "Е - Әлеуметтік қамтамасыз ету" немесе "Әлеуметтік көмек" автоматтандырылған ақпараттық жүйесінің дерекқорын пайдаланумен әлеуметтік көмек ұсынылуына мониторинг және есеп жүргізеді.

112. ШАК төлеуді Әкімші алушылардың банктік шотына аудару арқылы жүзеге асырады.

113. Әкімші ШАК төлеуді Қағидаға 11-қосымшаға сәйкес нысан бойынша шешім негізінде мынадай жағдайларда тоқтатады:

